

### **Ауған тыңдаушыларының сөйлеу тілін дамыту.**

Қазақ тілін ауған тыңдаушыларына оқытудағы басты мақсатымыз- олардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін естігенін қысқаша әңгімелеп бере алуға дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу.

Қазақ тілін оқыту барысында тыңдаушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру ең маңызды жұмыстардың бірі. Ауған тыңдаушылары қазақ тілін оқу барысында оқытушының қойған сұрақтарына түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйретіледі. Осы мақсатта оқытушы әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерін пайдаланып, тіл дамыту жаттығуларын, ойын элементтерін және тақырыпқа сәйкес көрнекіліктер қолданады. Басты назар аударатынымыз оқу, сөйлеу, талдау, жазу жұмыстарына мұқият көңіл бөлу. Тіл үйренуде ең басты міндет- тыңдаушының сөйлеу тілін жетілдіру. Сөзді қорды дамытуға бағытталған әдістердің міндеті-сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сөздік жұмысы тыңдаушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Сөйлеу тілін дамыту жұмыстарында жаңа сөздік сөздермен жұмыс ерекше орын алады.

1. Тақырыпқа байланысты сөйлем құрастыру.
2. Сурет бойынша әр түрлі мәтін құрастыру.
3. Жаттығу жұмыстарын жазу.

Осыған сәйкес күнделікті қолданатын әдістердің бірнешеуін ұсынып отырмыз.

Түсіндіру әдісі- жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданылады. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөздер бойынша, сөздік жұмысында іске асады және осы тұста қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері де түсіндіріледі.

Сұрақ-жауап әдісі. Бұл әдіс тыңдаушылардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Өте тиімді әдіс болып табылады. Тыңдаушының тілді меңгеру деңгейіне байланысты сұрақ дайындалады.

Мысалы: -Сіз қайдан келдіңіз?

-Мен Ауғанстаннан келдім.

Тірек- сызба арқылы сұрақ- жауап әдісі бойынша тыңдаушыларға тақырыпқа байланысты сауалдар қойып, жауап алуға болады. тірек – сызбалары теориялық материалды игеруге практикалық тұрғыдан үлкен көмек береді. Көптеген психологтардың пікірі бойынша, оқыған материалды есте сақтаудың тиімді әдістерінің бірі – оны шартты белгілер бойынша танып – білу арқылы есте сақталатының мойындайды. Өзге тілді аудиторияда қазақ тілінен сабақ жүргізудің негізгі міндеті – бұл ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорды есте сақтау, коммуникативтік аспект – қарым – қатынасты қалыптастырумен қатар, негізгі теориялық материалдарды кесте мен сызба түрінде түсіндіріп отырса, ол, әрине, есте сақтау қабілетін арттырады. Сызба арқылы оқыту тәсілдері қажетті грамматикалық тақырыпты жылдам әрі тиімді меңгеруге көп көмегін тигізеді. Өз ойын айту әдісі бойынша тыңдаушылар тірек сөздер берілген сызбаны пайдалана отырып сөз қорларының көмегімен өз ойларын жеткізеді. Тірек – сызбаларды сабақта қолдана отырып оқыту оқушының оқу материалдарын тез меңгеріп, жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізеді. Тірек – сызбаларды, көбінесе, бекіту, қайталау сабақтарында қолданылады. Сұхбаттасу әдісі арқылы екі тыңдаушы бір- бірімен тақырыпқа байланысты әңгімелесе алады.

Ойын әдісі. Ойын тыңдаушылардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, қажетті сөздерді дұрыс қолдануға, әңгіме айтуға

жаттығады. Тілді меңгертуде ойын әдісінің тыңдаушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Ойындар оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі. Олар тыңдаушыға оқиганы терең толғаныстармен түсінуіне себепші болады. Ойындар ойнағанда тыңдаушы нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді. Ойын барысында әртүрлі жағдаяттар беріледі. Қазақ тілі сабағын ойын түрінде тиімді қолдану сол тілде сөйлеуге жаттығуына мүмкіндік береді. Қазақ тілі сабағында ойынды қолдану тыңдаушылардың жан-жақты дамып, жетілуіне, дүниеге көзқарасының сана-сезімінің, эмоциясының, рухани және эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруға әсер етеді. Қазақ тілін оқып, үйрену барысында тыңдаушылар өз сөзін жоспарлай білуге икемделеді, сөз әріптерін дұрыс пайдалануға дағдыланады. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының оқытушыларының мақсаты: тәрбиелеу мен оқытудың жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр.

Диалог әдісі -бұл әдісті меңгерген тыңдаушы оқытушымен және өзара кері байланысқа түсе алады. Бұл жағдайда тыңдаушы белгілі бір уақытта өздігінен ойлануға, түсінуге және ойын еркін жеткізуге мүмкіндік болады.

Жазу арқылы жүйелі сөйлеуді, сөйлеу стилін үйрету және ауызекі сөйлеуге жұмыс жасатуға болады. Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі - диалог арқылы дамыту. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпта оқуға байланысты тыңдаушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда тыңдаушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып диалог дұрыс құруға тырысады. Белгілі бір мәтінді тыңдаушы оқығанда, сол мәтінді талдағанда өзі үшін жаңа дүние ашқандай болады. Мәтінді түсініп, оны меңгерген тыңдаушының ой өрісі дамып, сөйлеу қабілеті артады, сөз байлығы көбейеді. Мәтінді оқыту негізінде көптеген факторларды ескеру қажет. Мәтінмен жұмыс істеу тыңдаушылардың тілін дамытуда ерекше орын алады. Мәтін студенттерге білім береді, олардың ойлау қабілетін, тілін дамытады, қазақша жүйелі сөйлеуге үйретеді. Әрбір сабақта мәтін, мәтінге қатысты сөздер, грамматикалық тұлғаларға түсініктеме, ойтүрткі сұрақтар, лексикалық түсініктеме, мәтінге дейінгі, мәтіннен кейінгі тапсырмалар, диалог, мәтінге қатысты түсініктерді тексеруге арналған сұрақтар, мәтіндегі грамматикалық тұлғаларды табу жұмыстары, лексика-грамматикалық тест, тапсырмалар беріліп отырады.

Логикалық синтетикалық сызба арқылы тыңдаушының өз пікірін айтуға негіз бола алады. Мысалы: менің ойымша, мен ойлаймын, менің пікірімше. Белгілі бір тақырыпта тыңдаушы өзінің көргенін, естігенін, оқып білгенін еркін айтып беруге машықтанады. Тыңдаушыны өз бетінше тапсырманы орындағаны дұрыс. Берілетін тапсырма жеңіл, қарапайым болуы керек. Тыңдаушы жеңіл тапсырмаларды түгел орындағаннан соң, келесі тапсырмалар бірте-бірте қиындатылады. Әр сатыға көтерілген сайын тыңдаушының ынтасы, белсенділігі, ойлау дәрежесі мен білімі дамып өседі.

«Ойға шабуыл» әдісі теориялық материалды меңгерту кезінде де шығармашылық жұмыстарды орындату барысында да қолданылады. Мысалы: септік жалғауларын өткеннен кейінгі бірінші кезеңде тақтаға «септік жалғаулар» деп жазылады да, оған тыңдаушылар жауап беруге тартылады. Жұмыстың екінші кезеңінде «септік жалғаулар не үшін керек» деген тақырыпта ой тұжырымдарын жазуды тапсыруға болады. Бұдан тыңдаушының сөйлеу тілі жетіледі және бар пікірді саралап, салыстырып, өз тұжырымын жасауға қалыптасады. Сонымен қатар топтық жұмыстар және даралық жұмыстардың түрлерін ұсынуға болады.

Тіл үйренушіге суретті пайдалану арқылы сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру үшін өте тиімді әдіс. Әсіресе, әр тақырып бойынша іріктеліп жиналған, тақырыптық топтама суреттердің берері мол. Сөзді және сөйлемді толықтыру. Сөздерді құрап айту, әрбір сөздің мағынасын түсіндіру, тақтаға және дәптерге қазақша жазуды үйрету ең қиын

да күрделі жұмыс. Сөйлем құрау және сөзді толықтыру әдісін білген ұстаз қазақ тілін тез үйрете алады. Сөздік жұмысы оқушылардың қазақша сөздік қорын кеңейтеді. Тіл үйрету барысында ең алдымен студенттердің сөздік қорын толықтыру керек. Сөздік жұмысы арқылы студент белгілі бір ойды жеткізуге, сөйлем құрастыруға жаттығады.

Жұптық жұмыстың да тіл үйретудегі алатын орны ерекше. Тыңдаушылар белгілі бір тақырып бойынша диалог құра отырып, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытады.

Тыңдаушының сөйлегенде асығып немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйрену, өзін дұрыс ұстау мәдениетіне де жаттықтыру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар әңгімелеу барысында сұрақ қоя білу, өзіне қойылған сұраққа тиянақты жауап қайтара алуға дағдыландыруға да көңіл бөліп отырамыз. Басқа тыңдаушыларға қарап ойын асықпай, қысылмай айтып беру шеберлігіне үйрету де тілдерін жетілдіреді. Сөйлеу әрекеті ішкі қажеттіліктен туындау керек.